

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№8 (7845)
Жұма
25 ақпан
2022 жыл

Ақорда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Qazaqstan» ұлттық арнасына берген сұхбаты

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналады? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі, ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен



таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал, қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керекі жоқ. Сондықтан, ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалмады. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Әзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы өбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

– Сонда олар қайдан пайда болды?

– Мен осы сұраққа бірнеше рет жауап бердім. Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе. Мұның бәрін тергеу жұмыстары анықтайды. Жалпы, мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек. Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай ақылға сыймайтын нәрсе. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал, бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек. Мен әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізу керек деп айттым.

Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Біз бұған қажетті шараның бәрін қабылдаймыз. Еш күмән болмасын.

(Жалғасы 4-бетте). ➡

1 наурыз – Алғыс айту күні

Ардақты ағайын, құрметті жерлестер!

Сіздерді көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген 1 наурыз – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Алғыс айту күні – ең алдымен, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні.

1 наурыз – Алғыс айту күні түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Сондай-ақ, бұл күн ел бірлігін бекемдеумен қатар, тұғырлы татулығымыз бен ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейді.

Айтулы күн жақсылықты бағалай білуге, әр іске жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Кеңпейілді қазақ халқы қашанда әрбір игі іске ризашылығын білдіріп, алғыс айтып отырған. Осындай құндылықтардың қадіріне жете білген елдің қашанда келешегі кемел болары анық.

Ендеше, көңілді жадырататын жақсылық істеріміз бен айтар алғысымыз көп болсын. Сіздерді елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенім мен барша қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған айтулы мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілейміз.

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Аудандық мәслихат
хатшысы Р.Әбеуов

Күшіміз – бірлікте!

Тәртіпсіз ел болмайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күні кеше «QAZAQSTAN» ұлттық телеарнасына берген эксклюзивті сұхбаты маған ұнады. Қойылған сұрақтарға ашық және сенімді жауап беру арқылы бұл сұхбат есте қалды. Эфирде шынымен біраз мемлекеттік құпиялар жөнінде ашық айтылды. Алынған сұхбат кешегі ел басына қауіп төнген ауыр сәттерді де айналдырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтардағы қайғылы оқиға Отанымыздың әріқарайғы тағдыры қалай және қашан шешілетіндігі туралы айтып берді. Сұхбатта қайғылы қаңтар оқиғаларының аянышты себептері сөз болып, алдағы саяси және әлеуметтік реформалар, Қазақстанның негізгі сыртқы саяси серіктестерімен өзара қарым-қатынастары туралы сұрақтарға жауаптар алынды. Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтардағы тәртіпсіздіктер кезінде бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданатынын және жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынғанын да айтты.

Ел бірлігі, Қазақстанның болашағы турасында сөз сабақтаған Президент: – Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен

қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал, егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек, – деді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі қоғам алдында тұрған ең маңызды мәселені де атады.

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуға. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез-келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл менің нақты ұстанымым, – деді Президентіміз.

Жалпы, сұхбат барысында Мемлекет басшысы ел болашағына арналған жоспарларымен бөлісті. Байқап, бағдарласақ, қазірдің өзінде өзгерістер басталып кетті. Олар қазақстандық қоғам мен бүкіл саяси жүйені трансформациялаудың оң нәтижелеріне қол жеткізуден тұрады, бұл, сайып келгенде, Қазақстанның экономикалық өсуге әкеледі деп сенейік.

М.Шоханов,

Нұркен ауылдық округінің тұрғыны.

Жүйелі жұмыс жемісін береді

Атқарушы биліктің бұқара алдындағы есепті кездесуі Шабанбай би, Қызыларай, Ақтоғай ауылдарында жалғасын тапты.

Шабанбай би ауылдық округі әкімінің есеп беру жиыны ауылдық клуб үйінде өтті. Мінберге көтерілген ауылдық округ әкімі Ж.Құдашбаев өткен 2021 жылғы атқарылған істерді саралап айтып, 2022 жылғы жоспарымен бөлісті. Әкім есебінен ұққанымыз, ауылда біраз жұмыстар атқарылған, алайда атқаратын істер де жетерлік. Өткен жылғы бюджеттің кіріс бөлігі толығымен жүз пайызға орындалып, оған ауыл ішінде біраз жұмыстар жасалынған. Шағын және орта бизнес жұмысында да ілгерілеушілік бар. Өткен жылы жалпы ауылда 20 миллион теңге көлемінде несие алынып, ол мал өсіру шаруашылығына пайдаланылған. Сондай-ақ, шаруа қожалықтары малдарын

асылдандыру мақсатында ұсақ мүйізді және ірі қара малдарын әкеліп, шаруаларын дөңгелетіп отырғандығынан хабардар болдық. Кеңесте ауыл тұрғындары пікірлерін ортаға

тоғына қуат беретін станцияға, трансформаторларға жауапты мекемелердің болмауы салдарынан ауылдағы ескі трансформатормен жұмыс жасау өте қиындық тудыруда,



салды. Халық атынан сөз алған М.Ынтықбаев, Т.Саламаттардан Ақтоғай-Қаратал-Қызыларай бағытындағы көтерме жолдың жөндеу жұмыстары бақылауға алынып, асфальт төселсе, электр

осы жағынан көмек болса, сонымен қатар, жайылымдық жерлерді қалай алуға болады деген сұрақтарға тиісті сала басшылары толық жауап берді.

Қызыларай ауылдық мәдениет үйінде өткен жиында ауыл әкімі С.Спанов өткен жылды екшелеп, келер жылды жоспарлап, өзінің жылдық есебін халық алдында берді. Ауыл әкімінің

бас, бір женнен қол шығарып, жұмыс жасайтын ауыл. Ел болған соң мәселе туындайтыны белгілі, алайда, оны жоғарғы жаққа жеткізбей-ақ, ауыл халқы ақылдасып шешіп, демеушілер көмегімен жанды жұмыс жүргізіп жатқан ел екендігін сөз реті келгенде айту орынды. Оны жиналған көпшіліктің бірауыздан, Серікбол Армияұлының есебіне қанағаттанарлық деп баға бергендігінен ұғынуға болады.



ақпарын тыңдай келе, ауыл халқы суармалы егістік жерін тиімді пайдалану, мектепте бала санын арттыра отырып, білім сапасын күшейтуді тілге тиек етті. Жалпы, Қызыларай елді мекенінің халқы көп жағдайда бірлесе отырып, бір жағадан

филиалы төрағасының бірінші орынбасары Т.Таукеев, аудандық мәслихат депутаттары, мекеме, бөлім басшылары қатысып, туындаған мәселелерге, қойылған сұрақтарға жауаптар қайтарды.

Ақтоғай ауылы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес, Ақтоғай ауылының әкімі Қайыр Болғанбаев 18 ақпан күні аудан орталығындағы Мәдениет үйінде халық алдында өз есебін берді.

Келелі кездесуді Ақтоғай ауданының әкімі С.Әбеуова ашып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ақтоғай ауылының әкімінің есептік ақпарына кезек берді. Қайыр Нығметоллаұлы 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму аясында атқарған жұмыстары және 2022 жылға алға қойған міндеттері мен кешенді жоспары жөнінде баяндама жасады. Ауыл әкімінің есептік баяндамасына құлақ түрген көпшілік жалған ақпарға емес, ауылымызда атқарылған нақты істер мен жанды жұмыстарға құрылғанына көз жеткізді. Билік пен бұқара

арасындағы алтын көпір ауыл әкімдерінің халық алдында есеп беруінің, бұл дәстүрлі кездесуінің



пайдасы мол. Өйткені, халық атқарушы биліктің жұмысына баға беріп, ауылда жасалынып жатқан жұмыстар жөнінде нақты ақпар алып, көкейдегі сауалдарын қоя алады. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Сыздықов, ауыл тұрғындары Ж.Омарбекова, Т.Төлеутаева ауыл ішіндегі мал бордақылау аландары ауыл сыртында болса, ит-мысықтарды жою мәселесі

бір жолға қойылса, ауылдағы тоқ мәселесі біржақты шешімін тапса деген ұсыныс-пікірлерін

айтып, ауыл әкімінің есебіне халық атынан қанағаттанарлық деп баға берді.

Жиында аудан әкімі С.Әбеуова жалпы ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстар, алдағы аудан экономикасының өсуі, әлеуметтік мәселелердің барысы жайында айтып, жиынды қорытындылады.

Г. Елеусізова.

23 ақпан күні аудан әкімдігінде мекеме, бөлім басшыларының, ауылдық округ әкімдерінің және шаруа қожалығы жетекшілерінің қатысуымен «Қазақстан фермерлер одағы» АҚ аудандық қауымдастығын құру жөнінде кеңес өтті.

Аудан басшысы Салтанат Әбеуованың төрағалығымен өткен жиында аталмыш қауымдастықтың жұмысы мен тынысы баяндалып, шаруа қожалығы жетекшілерінің көкейлерінде жүрген толғақты мәселелері тыңдалды. Жиынды ашқан аудан әкімі аталмыш республикалық бірлестіктің мақсат-міндеттеріне тоқталды.

– «Қазақстан фермерлер одағы» қауымдастығы шағын және орта бизнеске жататын ауылдық тауар өндірушілердің заңды

Фермерлер одағы: аграрлық саланы серпілтеді

құқықтары мен мүдделерін қорғаушы жалғыз өкіл болып табылады. Одақтың бүгінге дейін фермер үшін атқарған шаруасы қыруар. Жалпы шаруашылық жетекшілеріне ауыл шаруашылығы саласындағы өзгерістер, тың жаңалықтар дер кезінде жете бермейді. Өйткені, мал бағумен айналысатын адамдардың басым бөлігі орталықтан шалғай жерлерде орналасқан. Сондықтан, көптеген шаруашылықтарда несиелік, лизингтік жеңілдіктер алу, өнім өндіру мен оларды сату жолдары, асыл тұқымды мал өсіру бағытындағы жұмыстар кенже қалып отыр. Ал, ауданымызда құрылған қауымдастық ауыл шаруашылығы саласы өнімін өндірушілерге қолдау көрсетіп, мүдделерін қорғайды. Оларды мемлекеттік бағдарламаларға қатыстырып, беріліп жатқан жеңілдіктер мен көмектерді алу бағытында қызмет етеді, – деп сөз сабақтаған аудан әкімі ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін күш болып бірігіп, өнімді жұмыс жасауға шақырды.

Мұнан кейін мінберге көтерілген ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрланбек Жаңабегенов өңірдің ауыл шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстар жайын баяндады.

– Елімізде агроөнеркәсіп кешенін дамыту – аграрлық саясаттың маңызды бағыты. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында алдыға батыл қадам жасап, ауыл шаруашылығы саласын жаңа экономиканың драйверіне айналдыруға баса маңыз берілді. Яғни, ол өз кезегінде аграрлық саланың қарқынды өсуін және оны тиімді бизнес көзіне айналдырып, тұрақты жұмыс көздерінің ашылуына даңғыл жол ашады. Осы тұста, Президент Жолдауынан туындаған басым бағыттарды жүзеге асыру барысында ауыл шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде, – деді Н.Жаңабегенов.

Жиын соңында күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша «Қазақстан фермерлер одағы» АҚ Ақтоғай аудандық қауымдастығының төрағалығына «Айнабұлақ» шаруа қожалығының жетекшісі Қайыржан Қадырберлиннің кандидатурасы ұсынылды. Осылайша, бірауыздан ауданда ауыл шаруашылығы саласының өрістеуіне сүбелі үлесін қосып жүрген Қайыржан Қадырберлин фермерлер одағының аудандық қауымдастығына төраға ретінде тағайындалды. Ендігі кезекте алдағы уақытта фермерлер одағы шаруа қауымның ортақ мүддесін жоғары мінберлерден айтылуына жұмыс жасайтын болады.

Думан ҚАБЫЛ.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Ақтоғай ауданы мәслихатының депутаты Мөлдір Амантайқызы Шоланова өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты мандат Наурызбек Жиманович Бейсекеевке берілді. Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты болып, 1960 жылы туған Бейсекеев Наурызбек Жиманович Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округінің «Тасарал жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де тарих пәнінің мұғалімі тіркелді.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ

Актогайской районной избирательной комиссии

В связи с досрочным прекращением полномочий депутата маслихата Шолановой Молдыр Амантаевны передан мандат Бейсекееву Наурызбеку Жимановичу. Зарегистрирован депутатом Актогайского районного маслихата Бейсекеев Наурызбек Жиманович 1960 г. р. преподаватель истории в КГУ «Тасаральской общеобразовательной средней школы» Тасаральского сельского округа Актогайского района Карагандинской области.

Актогайская районная избирательная комиссия.



5 наурыз – Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның дүниеге келген күні

Әлихан Бөкейхан – қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көксеп, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар саналы өмірін арнаған адам. Егер ол өзінің бас пайдасын ғана ойлап, патша заманында мансапқор болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Әлихан Бөкейханға ол жол оңай еді. Бірақ, Әлихан қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек ету жолына түсті.

Әлихан – қазақ тарихында демократиялы

жатқанын көріп, Әлихан Төлеубай ағамызға: «Жат жұрттың бейшараларынан бұрын, әуелі қазақтың қалың жарлы-жақыбайын тойындырмадыңыз ба?!» депті.

3. Тергеушілер Әлекеңді жауапқа тартып: «Сіз «Алашорданы» білесіз бе?» – деп сұрақ қойғанда: «Маған «Алашорданы» білесіз бе? – деп сұрақ қойма. Мен – «Алаш» партиясы мен «Алашорда» кеңесінің төрағасымын, «Алашорда» үкіметінің төрағасымын. Сондықтан да, оның іс-әрекетіне толық жауап беремін. Ал, «Алашорда» Кеңес өкіметін мойындап, оның бұрынғы іс-әрекеті үшін ешкім де, ешқашан да жауапқа тартылмайтыны туралы Ленин қол қойған келісімнен кейін ол үкімет тарихтан кетті. Егер де Лениннің қолы оның өзі өлген соң жүрмей қалса, онда үшінші адам болып Сталин қол қойған. Ол келісім күшін

де маған қарап: «Лиза! Сен анда-мұнда жүгірме. Одан ештеңе шықпайды. Бұл «барса-келместің» командировкасы», – деді сабырмен. Тергеушілер мұның бәрін үнсіз тыңдап тұрды, үндеуге бата алмады. Мен соған таңқалдым. Әкемнің салауаты оларды еш оғаш қылық көрсетуге мүмкіндік бермеді. Бұл әңгімені Лиза Кеңес тұсында Алаш тарихынан жабық тақырыпта докторлық диссертация қорғаған тарихшы Жақсалиевке айтып берген. Әлекеңді көрген адамдар: «Біз Бөкейхановпен еркін сөйлесе алмаймыз. Оның мысы басып тұрады және астарлап сөйлейді», – дейді екен. Әлекең өзінің сырғын санаулы ғана адамдарға айтқан. «Мен тек Байтұрсыновпен, Дулатовпен ғана ұлт туралы ашық сөйлесе аламын», – дейтіні сол.

5. Әлихан сондай ұлы тұлға нәзік жанды,



Әлихан Бөкейхан жайлы деректер

баламалы түрде сайланған Алаш Орда – Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы. «Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» – деген асыл ердің тектілік, намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттері әр қазаққа үлгі болуы тиіс! Ал, оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу керек. Осы жолда кішкене болса да өз үлесімді қосу парыз деп санадым. Ал, енді бізге жеткен деректер мынадай:

1. «Бірде тегі неміс В.Радловқа Әлихан Бөкейхан: «Сіз қазақтың құқықсыз екенін биік орталарда айта жүріңіз» – деп қолқа салғанда, анау: «Құдай әрбір ұлтқа түрлі тағдырды бұйырады. Сіздер бұған көндігулеріңіз керек» депті. Мұны естіген Әлекең Радловты көрсе, не кілт бұрылады екен, не ол кіргенде шығып кетеді екен. Бұл не? Бұл – принцип. Бұл – «ғалым бүйтіп айтпайды, сенің қасыңда отыру – ұлттыңды қадірлемегендік деген протест».

2. Төлеубай деген кісі кезінде Меккеге барып, қажы атанған екен. Осы сапарда Қара теңіз жағасында Әлихан Бөкейханмен ұшырасыпты. Қажылық сапар шеккен адам әр жерде садақа беріп, екі дүниенің обал-сауабын ойлайды ғой. Пітір-садақа беріп

жойған жоқ. Жойса, келісім бойынша, маған хабарлар еді. Мен Сталиннен ондай хат алғам жоқ. Әлде сендер оны мойындамайсыңдар ма? Онда маған жазбаша жазып беріңдер. Ал, жазбасандар, демек, ол келісім күшінде, одан да келесі сұрағыңа көш», – деп жауап берген.

4. Бөкейханов болмысының салауатты, алдына келген жанның мысын басатын өзгеше жаратылыс иесі екендігі. Бұл жайлы Әлкей Марғұлан, Қалижан Бекхожин, Ғалым Ахмедов, Мариям Мұқанова, Валентина Николаевна Әуезова естеліктерінде ашық жазған. Тіпті, тұтқындауға келген Мәскеудің үлкен лауазымды тергеушілерінің өзі тұтқындайтын кезде артық мінез көрсете алмаған. Лиза Әлиханқызы Бөкейханова былай деп еске алады: «Әкемнің мысы кез-келген адамды басып тұрушы еді. Әкем өзін тұтқындауға сауылдап кіріп келген тергеушілерді көргенде саспастан: «Лиза, шай қой. Қонақтар келді. Бұл мәдениетті кісілер, дәстүраттамайды», – деді. Олар үндей алмай қалды. Сол паузаны пайдаланып: «Кешіріңіздер, телефон шалуға бола ма?», – деді. Олар рұқсат берді. Көршісі, аса белгілі кеңес ғалымы трубканы алғанда: «Вася! Мен ұзақ командировкаға кетіп барамын. Лизаны саған тапсырдым. Аманат!» – деді

адамдарға бауырмал, жаны ашығыш, сезімтал болған. Лиза Бөкейханқызы: «Әкем Смағұл қайтыс болғанда қатты қайғырды. Өзі барып, оның денесін көркізген алып, мейітін медициналық тексеруге апарды. «Өндірістік улану» деген диагноз қойыпты. Денесін крематорийге өртеді. Бұл оның жанына қатты батты», – деп еске алады. Бөкейханов Смағұл Сәдуақастың қазасына тек күйеу баласы ретінде қабырғасы қайысып отырған жоқ, өз идеясын, Алаш идеясын алға апаратын үмітті шәкіртінен айырылған ауыр қайғыдан егілді. Алаш идеясы өлген сияқты көрінді. Міне, осындай жаны нәзік адам. Кез келген жағдайда мысқылмен, қалжыңмен қарсы алатын Әлихан Бөкейханов осы бір Алаш идеясын ақсатпай атқарады деген азаматы жазықсыз қазаға ұшырағаны жанына батты. Демек, Алаш идеясына келгенде Әлихан Бөкейханов өзінің өмірін арнауға, күресуге бар. Ал, идеяны жүзеге асыратын тәсілге келгенде сондай нәзік әрі уайымшыл.

6. Әлиханның тағы бір тұлғалық, адамгершілік қасиетін Әміре Қашаубайұлына байланысты, 1925 жылы Парижде дүниежүзілік этнографиялық концерт болады. Оған Әміре баратын болып бекітіледі. Соған байланысты Әлекең

Ахмет Байтұрсынұлына ренішпен хат жазады. «Әміре Қашаубайұлын Парижде жібермекші. Ол бірде-бір ән сөзін толық білмейді. Болмайтын нәрсені айтады. Мен оны әншілердің арнаулы үйіне апарып, ән салдырдым. Әйтсе де, Әміре ән салған кезде қатты ұялдым. Айтқан әнінің сөзінде пәтуа болсашы. Бір ән сөзін жаттатуға болатын еді ғой. Өзі орыс мешаны сияқты киінеді.

Оны дұрыстап киіндіру де соншалық қиын іс пе еді» – деп назын айтады. Әрі өзі бас болып, Әміреге ән сөзін түгел жаттатқызып, арнайы студияға барып, әнін жаздырып, жанаша киіндіріп, аттандырады. Әлихан болмағанда Әміренің алтын дауысы бізге жетер ме еді? Бір Құдай білсін. Мәскеуге барып, ары қарай Париж асқан Әміренің өліміне сол сапардан оралғандағы сөзі себепкер болды деп айтылады. Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқайды жолықтырып, дәмдес болып қайтқан соң Әміре: «Сендер мұнда келіп ап қазақтың деп мақтанасыңдар. Ал, мен нағыз қазақты Мәскеу мен Парижде көрдім», – дейді екен. Ол сөз «салпаңқулақтардың» құлағына жетіп, Әміренің ғұмырын көктей солдырған.

Міне, нағыз патша келбеті, міне, ұлт көсемі! (Мақала «Орталық Қазақстан» газетінің сайтынан алынды).

Дін – бірліктің діңгегі

Азаматтық татулық пен ұлттаралық келісім – біздің басты құндылығымыз

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, тағдыр тауқыметімен қаншама ұлыс өкілдері қасиетті қазақ жерін пана тұтып, қазақ халқының айналасына шоғырланғаны белгілі. Қашанда татулық пен ынтымақты ту еткен елімізге өзге ұлыс өкілдерімен достық қарым-қатынаста болып, біртұтастықта өмір сүруі маңызды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев халықты ұлтына бөліп-жармай, біртұтас Қазақстан қоғамын қалыптастыруды мақсат тұтып, 1992 жылы алғаш рет Ассамблея құру туралы идеясын қалың көпшілікке жариялады. Идея ірі мақсатқа ұласып, 1995 жылдың 1-наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Биыл ұлттаралық татулық пен қатынасты, біртұтас қоғам құру мен түсіністікті басты шарты еткен Ассамблеяға – 27 жыл.

Халқымыздың сан ғасырлық тарихы ұлттық тұтасудың ортақ құндылықтар мен киелі рәміздер негізінде жүзеге асқандығын дәлелдейді. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Н.Назарбаев: «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту», – деп ұлттық болмыс пен ұлттық ой-сананы заманауи дүние талаптарына сай кемелдендіруді атап көрсетті. Қазақстанның ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» көрегендігі мен алысты болжайтын,

стратегиялық ұтқырлықтың нақты дәлелі болып табылады. Еліміздің тұңғыш ұзақ мерзімді даму бағыты 1997 жылы 2030 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар белгіленіп, бүгінде оның ең басым бағыттарына қол жеткізілді. «Қазақстан-2050» Стратегиясы заманауи өркениеттің нақты жағдайын сындарлы түрде есепке алып жасалынды.

Ұлттаралық қатынас мәдениеті белгілі бір қоғамдағы әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы қатынастың барлық түрлерінен, еңбекте, күнделікті тұрмыста, көпшілік байланыста көрінеді. Әрбір ұлт өкілі басқа ұлт өкілінің жан тазалығын немесе жамандығын, басқа ұлт өкілдеріне көзқарасын басқалармен салыстыра отырып бағалайды. Басқа ұлт өкілдері бойындағы адамдық жағымды қасиеттерді өз бойына дарытуға, олардағы өмірлік тәжірибе мен шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін мөңгеруге ұмтылады. Қазіргі уақыттағы ең басты мәселе – азаматтық татулық пен ұлттаралық келісім, халықтар достығы, ынтымақтастық пен бауырластық мәселелерін нығайту экономикада орын алып жатқан дағдарысты жою, әлеуметтік шындық, сөз бен істің үйлесімділігі сияқты принциптерді жүзеге асыру жолдарын іздестіру. Ұлттық мақтаншыл пен ұлтжандылықтың мағынасын дұрыс бағалау өзара түсіністік пен халықтар бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосады. Әрадамның қызметінде, мінез-құлқында мемлекеттік және ұлттық факторлардың дұрыс ұғымын қалыптастыру олардың сана-сезіміндегі адамгершілік, имандылық қасиеттерінің терең орнығып, қалыптасып, ұлттық эгоизм, т.б. керітартпа қалдықтарымен ымырасыз болуына ықпал

етеді. Мемлекеттік тәрбиені бір жүйеге келтіру әрбір ұлттың сана-сезімін дамыту, ұлттық мақтаншының орнату арқылы жүзеге асырылғаны жөн. Бұған ұлттаралық сипатта өрбіген жанашырлық белгілер қажет. Ең маңыздысы, мемлекеттік және ұлттық мүдделерді байланыстыра білу керек.

«Ырыс алды – ынтымақ» дейді дана халқымыз. Қазақстанда әртүрлі ұлт пен ұлыстың өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрмыс кешіп жатыр. Азаттықтың таңы арайлап атқан сәттен бастап, ұлттаралық келісім мен татулықтың соны үлгісі салтанат құрды. Еліміз тыныш, халқымыз аман. Өндірісі өркендеп, экономикасы дамып келе жатқан, алдына ауқымды міндеттер қойған мемлекеттердің қатарындамыз. Әрине, осының барлығы тыныштық пен тұрақтылықтың, ауызбіршіліктің нәтижесі. Дұрыс та сауатты жүргізіліп отырған саясаттың жемісі. Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері елде өмір сүріп жатқан көптеген этнос өкілдері күні бүгінге дейін татулық пен бірліктің қандай болу керектігін көрсетіп, өзге елдерге үлгі болып келеді. Ұлттаралық тату қатынастардың қазақстандық үлгісін көрсете білген бұл бағыт – бүгінде барша қазақстандықтардың жеңісі мен мақтаншына айналып отыр. Десе де, ел билігі мұнымен шектеліп қана қоймай, этносаралық қатынастарды дамытуға қатысты бұдан да басқа бірқатар бастамаларды қолға алмақ.

А.Рысбай,

Ақтоғай ауданының дін мәселесі бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, аудандық орталық мешіттің имамы.

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

– Сонда бұл оқиғаларды біз қалай сипаттауымыз керек? Бұл өзі төңкеріс пе, жоқ әлде билікке қарсы бейбіт шеру ме немесе басқаша ма? Қалай атаймыз?

Бұл оқиғаны ел ішінде әртүрлі атап жүргенін білемін. Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ, дәл осындай қарақшылардың қатығез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті *coup d'etat* деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдігімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды. Әрине, халыққа әлі де көп нәрсе түсініксіз. Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

– Олар билікке неге қарсы шықты?

– Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Тіпті, Президентке де қарсы болды. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені, реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан, бағытымызды өзгертпейміз, реформалар міндетті түрде өз жалғасын табады.

– Сіз тергеу жұмыстарының жүріп жатқанына жаңа тоқталдыңыз. Дегенмен, алдын ала тергеу нәтижелері жөнінде айта аласыз ба?

– Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Бас прокуратура нақты ақпаратты жүйелі түрде жариялап жатыр. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Өйткені бұл өте ерекше іс болғандықтан біраз уақыт керек. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Халықтан ештенені жасырып қалмаймыз. Қазір тек мына нәрсені ғана айта аламын. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

– Адамдардың құқықтарының қорғалуына байланысты жаңа ғана өзіңіз айтып өттіңіз. Енді осыған тоқталайық. Күлбілтелмей бірден айтсақ, бұл – азаптау фактілері туралы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқырап қарайсың. Әсіресе, арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар әр істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады. Кінәлі адамдар жазаға тартылады. Мен үшін азаматтарымыздың құқығы аса маңызды. Әсіресе, қазіргі таңда мұны ең маңызды мәселе деп айтуға болады. Әрбір іс бойынша әділ шешім шығару мен үшін негізгі принцип болып табылады.

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге келсек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мындаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандары, батырлары деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер бұл ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан, аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты – Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқыңға алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы бандалар билікті басып алғысы келді. Сондықтан, шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен, барлығына байыпша қарап, салмақты баға беру қажет. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керекті – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба еді өзі? Қазір осы шешіміңізге өкінбейсіз бе?

– Өкінбеймін. Бұл – ешқандай да өкіндіретін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бірде-бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан, бәрі – заңды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан, саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр...

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, асуда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтқайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан, алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған,

бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызаға толы пікірлер айтылды. Себебі белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белең алуға. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың наразылығын лаңкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған бәріміз куә болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – онай шаруа емес. Сондықтан, осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі, оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жана талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жана кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан, қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Бытырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерінің сайлауы» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасaq, орынды болар.

– «Жана Қазақстанды» құрамыз деп отырмыз. Бірақ, бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандармен жана Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жана мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыптасу үдерісі. Бірақ, бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент

(Жалғасы 5-бетте). ➡

БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН

(Соңы. Басы 1, 4-беттерде).

аланы емес! Сондықтан, бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– **Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жүр. Білім қуып, кәсіп іздеп кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?**

– Расында, шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге хақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ, шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы, бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеріміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбекқор, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Мәсiлiдiктiң, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық кәсіпкерлік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбарақат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал, біздікілер еңбек бәсекесіне шыдай алмайтын болды. Өкінішке қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– **Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» деліңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеріміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.**

– Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше, қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған ланкестер, кымыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ, басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Содырлар кейбір телерадио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал, баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ, еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан, әрқайсысымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте, өкінішке қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал, екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен, азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан, біз де оған бейімделуіміз керек.

– **Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?**

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ, біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте әйелген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан, «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-

қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық.

Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені, халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

– **Соңғы кезде «олигополия» деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?**

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда, көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешсек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан, менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржолға құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

– **Сіздің пікіріңізше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?**

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

– **Сіз Үкіметтің отырысында шетелге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?**

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ, әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

– **Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?**

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзуға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айттармын. Ал, бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

– **Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...**

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал, егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол – қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсысымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен, тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе, тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі, бұл өте нәзік дүние.

– **Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргені қалар едіңіз?**

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен, бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз

қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Турасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуы ең басты орынға қоюы қажет. Бақуатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдалы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім айта алмас. Сондай-ақ, ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе, осы заманда ауадай қажет.

– **Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...**

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал, теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

– **Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?**

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ, өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп есептеймін. Себебі, жастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышымы.

– **Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипломатия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туындыңыз бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінбейсіз бе? Бұдан басқа, жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?**

– Өкінбеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазаққа «Өткен іске өкінбе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан, қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарымнан қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амандық болса жазамын.

– **Жақында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни, Елбасының бірқатар өкілеттілігі сол заңмен тоқтатылды. Онда Қауіпсіздік Кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы, осы мәселеге өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?**

– Бұл түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да, бұл – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

– **Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, жұртшылыққа не айтасыз?**

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жағғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

– **Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.**

Әңгімелескен
Жайна Сламбек,
журналист.

Азаматын ардақтады

Волейбол ойынының дамуына үлес қосқан ардагер спортшы Мейрам Есеевті жерлестері еске алды.

Азаматын ардақтаған ақтоғайлықтар 19 ақпан күні аудан орталығындағы Спорт кешенінде ардагер спортшыны еске түсіруге арналған тоспа доптан аудандық турнир өткізді.

Өмірден ерте озса да, жылдар жылжыған сайын тұлғаланып, сағыныш сезімін тудырып, өнегелі істері ел есінде мәңгілік сақталатын жандар бар.

облыстық, республикалық дүбірлі додаларда топ жарып, жақсы жетістіктерге қол жеткізіп келеді», – деді. Сонымен қатар, ауданның спорт саласындағы жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті.

Мұнан соң М.Есеевтің інісі Ерлан Есеев спорттық шараның ұйымдастыру алқасына алғысын жеткізіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. 40 жастан асқан ерлер арасында өткен байрақты бәсекеге Қарағанды, Балқаш, Саран қаласы, Жаңаарқа ауданы және өңірімізге қарасты ауылдық округ



Сондай асыл азаматтардың бірі – жас ұрпақтың бойына салауатты өмір салтын қалыптастыруға зор еңбек сіңірген жерлесіміз, марқұм Есеев Мейрам Қайдарұлы.

Турнирдің ашылу салтанатында құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов: «Өркениет өріне құлаш ұрып отырған елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру – басты мәселе. Әрбір қазақстандық, осындай спорттың бұқаралығын насихаттайтын жарыстарға қатысу арқылы өздерінің денсаулықтарын шынықтырулары қажет. Ауданымызда спорттың қай түрі болмасын жақсы дамуда. Аудандық турнирлерден шыңдалып, шыныққан жастарымыз

командалары қатысып, турнир кубогін сарапқа салды.

Ертеңнен кешке ұласқан тоспа доп сайысы өте қызу тартысты өтті. Шеберлігі асқан, айласы мен күші басым деген командалар өз-өзінен іріктеліп жатты. Жарыс қорытындысы бойынша Қасабай тоспадопшылары жеңіс тұғырына көтерілді. Жұлделі екінші орынды Жидебай батыр командасы иеленсе, үшінші орын Жаңаарқа ауданының спортшыларына бұйырды. Турнирдің қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар мен жекелеген тоспадопшылар аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің арнайы дипломдарымен марапатталды.

Қысқы спорт ойындары жалауын желбіретті

Салауатты өмір сүрудің негізгі қағидасы – еш ауруға шалдықпай, аурудың алдын алу, денсаулықты нығайту, тұрақты түрде дене тәрбиесі жаттығуларымен шұғылдану.

Сайысқа ауданға қарасты елді мекендерден барлығы 8 команда қатысты. Өткізілген ойын түрлері: шаңғы эстафетасы, коньки спорты, президенттік көпсайыс. Ауыл спортшылары өз

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге марапатты аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айдос Кишкентаев табыстады.

– Спорт қоғам алдына үлкен міндеттер қойып отыр. Соның ішінде маңыздысы – дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа қолайлы мүмкіндіктер туғызу. Осы арқылы барлық жастағы адамдардың спортпен шұғылдануына, сөйтіп, өмірлерін ұзартуына жағдай жасау. Бұл – осы мақсаттарды көздеген ауданымыздағы бәсі биік спорт сайысы. Барлық жүлдегерлерді жетістіктерімен пын жүрекпен құттықтаймын, – деді жарысты түйіндеген А.Кишкентаев.

Ауданымызда жыл өткен сайын қысқы спорт ойындарын дамыту үшін жағдай жасалып, жақсы қарқын алып келеді. Сонымен, биылғы аудандық қысқы спорт турнирі де өз мәресіне жетіп, аудан намысын облыстық «Қарлы қыс-2022» спартакиадасында қорғайтын команда анықталды.



Таяуда ҚР Рәміздеріне 30 жыл толуына орай дәстүрлі «Қарлы қыс-2022» аудандық қысқы спартакиадасы өткізілді. Жарыс тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, қысқы спорт түрлерін одан әрі дамыту және ауылдарда спорттық жұмыстарды белсенді түрде жүргізу мақсатында өткізіліп отыр.

дайындықтарының жоғары дәрежеде екендігін дәлелдеп, жақсы нәтижелерге қол жеткізді. «Қарлы қыс-2022» аудандық қысқы спартакиадасында қорытынды есеп бойынша Кежек ауылы командасы бірінші орынға, Қызыларай ауылы екінші орынға, Қараменде би ауылы үшінші орынға көтерілді.

Мұз айдынындағы тартыс

Өркениет өріне құлаш ұрып отырған елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру – басты мұрат. Президент Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында денсаулық, сайысқа түсті. Жанкүйерлердің қанын қыздырып, спортшылардың жігерін жаныған мұз айдынындағы доп додасы тартысқа толы болды. Кішкене шайбаны дегеніне көндіріп,



спортты дамытуды баса айтып келеді. Бүгінгі таңда елімізде жас-кәрісі бар дене тәрбиесіне ерекше мән беріп, өңірлерде спорттың бұқаралығын насихаттайтын жарыстар көптеп ұйымдастырылуда.

Өткен жексенбіде аудан орталығындағы хоккей кордында шайбалы хоккейден ашық біріншілік өтті. Дүбірлі додаға Ақадыр (Шет ауданы), Сарышаған кенттері, Ақтоғай ауылы жастарының құрама командалары қатысты. Байрақты бәсекені аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Кишкентаев құттықтау сөзімен ашты. Сөйтіп, соқыр жеребе тартылып, ойыншылар өзара

ұршықша иірген хоккейшілер қырғиша төніп кеп, қақпаға допты доп салғанда дән риза боласын.

Сонымен, спортшыларды сергелденге салған сайыс күн еңкейген шақта өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар анықталды. Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Ақадыр кентінің командасы ат артына артып қайтты. Ал, Сарышаған командасы жұлделі II орынды иеленсе, ақтоғайлық хоккейшілер III орынды жеңіп алды.

Жарыс барысында ерекше көзге түскен спортшылар түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

Спорттық материалдарды дайындаған Д.Қабыл.

Дін – бірліктің діңгегі

Діни түсінік берілді

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен «Аманат» Қоғамдық бастамалар орталығы» қоғамдық қорының төрағасы, Қарағанды техникалық университетіндегі ҚХА және ӨГП кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдары магистрі Жарқын Тусупбеков аграрлық-техникалық колледж студенттерімен кездесу өткізді. Семинар ксенофобиялық, агрессивті радикалды діни нанымдар мен идеологиялардың мәні мен зияндылығын ашу тақырыбына арналды.

Кездесу барысында спикерлер студенттерге деструктивті ұйымдардың өскелең ұрпаққа төндіретін қаупін егжей-тегжейлі сараптамалық тәсілмен талдады. Әсіресе, олардың әлеуметтік желілерде сананы улауда нейрорлингвистикалық бағдарламалау мен магиялық риторикаға негізделген жұмыстарының әдістерін түсіндірді. Спикерлердің пікірлерінше, жалған діни ілімдердің таралуы, ең алдымен, адамдардың бойындағы құндылықтардың әлсіреуімен, қазіргі кезеңге тән моральдық және әлеуметтік бағдардың жоғалуымен байланысты.

Себебі, псевдодіни топтарды ең алдымен психоэмоционалдық күйзеліс жағдайында, жалғыздық сезімін немесе жабығуды (апатия) бастан кешіретін адамдар қамтиды.

Деструктивті діни ұйымдарда алдау (ақпаратты қасақана жасыру немесе оны бұрмалау), діни емес ақпарат көздеріне қолжетімділікті шектеу (газет-журнал оқуға, теледидар көруге тыйым салу) арқылы өздерінің культтік әдебиеттерін, жазбаларын, дәрістерін үйретуге бағытталған ақпараттық бақылау байқалады.

Семинар барысында студенттер спикерлерге сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

Ауданның ішкі саясат бөлімі.

Дені саудың – жаны сау

Елімізде індеттің таралуына қарсы күрес жөнінде қабылданған шаралардың маңыздылығы жоғары. Себебі, індетке қарсы күрес қарсы вакцинаның 1 компонентімен егілгендер саны – 6201. Бұл жалпы жоспардың 76,1



Екпе – індет емі

жүргізбеген мемлекеттер қиындыққа тап болды. Осынау адам өмірі үшін қауіпті індеттің алдын алу мақсатында елімізде коронавирусқа қарсы екпе егу жұмыстары атқарылуда.

Дәрігерлер қауымы вакцина індетке қарсы ең тиімді өрі жалғыз тәсіл екенін ескертіп отыр. Атап айтқанда, вакцинация – жұқпалы аурулардың алдын алудың өте тиімді және қауіпсіз әдісі. Қазіргі таңда аудан бойынша коронавирус инфекциясына

пайызын құрап отыр. Екінші компонентпен егілгендердің саны – 4219. Және де қазір жүргізіліп жатқан ревакцинациялау бойынша егілгендердің саны – 1659 адам. Файзер вакцинасының бірінші компонентімен 488 адам егілсе, екінші компонентімен 291 адам егіліп отыр.

Қазіргі уақытта коронавирус инфекциясымен ауырып жатқандар жоқ. Қолжетімді вакциналар Казвак (ревакцинация ретінде), Хаят,

Корона, Вирасел және де Файзер вакцинасы бар.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді халық даналығы. Қоғам саулығы үшін қолдан келгенше жеке сақтық шараларына баса назар аударған абзал. Жалқы адамның жауапкершілігі жалпы жұрттың саулығының негізі екенін естен шығармайық.

С.Ерменбетова,
аудандық орталық аурухананың эпидемиолог-дәрігері.

Қоғамдық тыңдау өткізіледі

1. Жоба атауы: «Тасарал соль» ЖШС Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының босалқы жерінде орналасқан Ексор кен орнында ас тұзын өндіру кезінде «Тасарал соль» ЖШС бүлінетін жерлерін қалпына келтіру жобасы және БҚТимал әсерлер туралы есеп.

2. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал а.о., Тасарал ауылы.

3. Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 30 наурызда сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал а.о., Тасарал ауылы, Ағыбай Батыр көш., 11, әкімдік ғимараты мекен-жайында өтеді.

Өкіл: Жолдыбаев Д.Н.
Контактілер: тел.: 8-701-340-3500.

Онлайн қосылымға сілтеме:
https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlID8KqR_1lTMVqFqKyTqONXbvg.

Идентификатор конференция: 320 844 9619
Код доступа: 8dxVkQ

4. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Тасарал соль» ЖШС, БСН 171040010845, Қазақстан Республикасы, Ақтоғай ауданы, Тасарал а.о., Тасарал ауылы, Орталық көшесі, 13 үй.

Контактілер: тел.: 8-701-340-3500.

1. Наименование проекта: Проект рекультивации нарушаемых земель ТОО «Тасарал соль» при добыче поваренной соли месторождения «Ексор» расположенных на землях запаса Ақтоғайского района Карагандинской области и Отчетом о возможных воздействиях.

2. Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Тасаралский с.о., с.Тасарал.

3. Общественные слушания состоятся: 30.03.2022 г. в 11.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Тасаралский с.о., с.Тасарал, ул. Ағыбай Батыр, 11, здание Акимата
Представитель: Жолдыбаев Д.Н.
Контакты: тел.: 8-701-340-3500.

Ссылка на онлайн подключение:
https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlID8KqR_1lTMVqFqKyTqONXbvg.

Идентификатор конференция: 320 844 9619
Код доступа: 8dxVkQ

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тасарал соль» БИН 171040010845, Республика Казахстан, Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Тасарал, ул. Орталық, д. 13.

Контакты: тел.: 8-701-340-3500.

5. Әзірлеуші: Жеке Кәсіпкер «GREEN ecology», 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Полетаева көш., 13 үй, 27 п.

ЖСН 841225451081
Өкіл: Салихова З. Ж.

Контактілер: тел.: +7-701-603-80-56, эл. почта: green_ecology@mail.ru

6. Жоба материалдары сайттарда орналастырылған: <https://ecoportal.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru>.

7. Жобаның материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай мен нөмір бойынша алуға болады: Қарағанды қ., Республика даңғылы, 1/3, 121 оф., +7-701-340-35-00.

8. Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сілтемесі және келесі мекен-жайлар бойынша қабылданады:

1) 100000, Қарағанды қ., Лобода көш., 20; Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пошта мекен-жайы: expertiza.upr_krg@mail.ru; тел.: 7(7212)568-166;

2) 100000, Қарағанды қ., Республика даңғылы, 1/3, 121 оф., +7-701-340-35-00.

9. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру фотосы төменде орналастырылған.

5. Разработчик: ИП «GREEN ecology», 100000, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Полетаева, дом 13, кв. 27.

ИИН 841225451081
Представитель: Салихова З.Ж.

Контакты: тел.: +7-701-603-80-56, эл. почта: green_ecology@mail.ru

6. Материалы проекта размещены на сайтах: <https://ecoportal.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru>.

7. Дополнительную информацию по материалам проекта можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Караганда, проспект Республики 1/3, оф. 121, +7-701-340-35-00.

8. Замечания и предложения принимаются: по ссылке ecoportal.kz и по адресам:

1) 100000, г. Караганда, ул. Лободы, 20. Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области, эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7(7212)568-166.

2). 100000, г. Караганда, проспект Республики 1/3, оф. 121, +7-701-340-35-00.

9. Фото объявлений о проведении общественных слушаний размещено ниже.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақтоғай» несие серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 14.03.2022 жылы сағ. 15.00-де болады.

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:

1. Серіктестіктің 2021 жылғы атқарған жұмыстары туралы басқарманың есебі және 2022 жылдың жоспары туралы.

2. Серіктестіктің 2022 жылғы бюджетін, кірістер мен шығындардың сметасын және шпатель кестені бекіту.

3. Берілетін несиеден жылдық пайыздық мөлшерін бекіту.

4. Іуки нормативтік құжаттарды бекіту.

5. Қрегуттік комитеттің мүшелерін қайта сайлау.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек: 8(71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71. **АБ**

Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны болған аяулы да асыл анамыз, немере-жиең, шөберенің сүйікті әжесі **Әмірханқызы Розаның** фәниден бақиға озғанына наурыздың 10-ы күні 40 күн толады. Анамыздың жарқын бейнесін сағына еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп

рухына дұға бағыштаймыз. Ананың орны бөлек өмірдегі, Ана деген асыл жан өмірдегі. Кім қияды анасын кара жерге, Жок өзіндей қамқоршы енді бізге. Қара жерде жатқаныңа қырық күн, Көкке қанат қаққаныңа қырық күн. Қырық күнде жүрек, міне, қаяулы, Кош, кош, Ана, аяулы!

Еске алушылар: балалары, немере-жиең, шөберелері.

Еске алу



Тал бесік пен жер бесіктің арасын дұрыс пайымдай білген пендеге бір-ақ адым жер. Бабаларымыз мынау жалған өмірді қамшының сабымен өлшегені осыдан да болса керек. Адам фәниден бақиға өткенімен, ұрпағының жүрегінде, ағайын мен айналасының көңілінде мәңгі өмір сүре бермек. Сондай жандардың бірі Қаратал ауылының тумасы, аз ғана ғұмырында артына өшпес із қалдыра білген адал жар, асқар тау әке, қамқор аға **Нуркеев Мұрат Жұмасейітұлы** еді. Сұм ажал арда азаматымызды арамыздан ерте алып кетпегенде наурыз айының 2-ші жұлдызында Мұрат бауырымыз 60 жасқа толар еді. Жылдар өткен сайын әкеге, бауырға деген сағынышымыздың салмағы артып, жүрегімізге жақын жанның ортамызда жоқтығы айқын сезіле түседі екен. Әйтсе де, Алла ісіне адамның өмірі жүрген бе?! Қайғының орнын сабырға, шарасыздықтың орнын шүкірге алмастырып, бауырымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннаттық болсын деп қол жайып, Алладан дұға қыламыз.

Дидарыңнан тұрушы еді таң күліп, Ерте кеттің баршамызды уайымға қалдырып. Топырағың торқа болсын, ардағым, Жатқан жерің жайлы болсын мәңгілік.

Еске алушылар: ана-жеделері, бауырлары, келіндері, балалары, немерелері.

Жидебай ауылының тұрғыны, адал дос, аяулы ұстаз **Жақан Сембек Жақанұлы** 17 ақпан күні 63 жасында дүниеден өтті. Білікті ұстаздың ұрпақ болашағына, тәрбие мен білім кеңістігіне қосқан елеулі үлесі ел есінен кетпейді. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы. Көңілімізден мұң кетпей, жүрегіміздегі қимастық сейілер емес. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын. Сен біздің мәңгі есіміздің, бауырым. Абзал досымыздың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Бір топ жолдастары мен курстастары.



Құттықтаймыз!



Құрметті Мәулен Кәженұлы, Таңсық Қосымқызы!

Сіздерді мерейлі жасқа толған тойларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірлеріңіз қашан да көктемдей жарқын әрі шуақты, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын!

Ең бастысы, дендеріңіз сау болып, өздеріңіз керегесін керіп, ошағына от жаққан, түтінін түтеткен шаңырақтарыңыздан шаттық, босағаларыңыздан бақ кетпесін. Халық алдында жасаған еңбектеріңіз еселене берсін. Әрқашан жақсылықта қауышып, сыйластығымыз жараса берсін.

Жарқын өмір шаттық арый сыйласын,

Көңіл күйі тәтті әуенді тыймасын.

Мерейлі күн гүлге бөлеп жүректі,

Жайсандарды төрлеріңе жинасын.

Ізгі тілекпен: Қайыркұл-Шәмши, Сәкітай-Зоя, Аспандияр-Тамара, Амантай-Қарлығайын.

Құттықтаймыз!



Құрметті Ybyшев Амантай Орманұлы!

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Денсаулығыңыз мықты болып, сол денсаулықтың арқасында бала-шаға, отбасыңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз.

Күш-қайратыңыз кемімей, Алланың берген жасын жасап, ел-жұртыңыз бен ағайын-туғанның ортасында бақытты ғұмыр кешіңіз. Жаныңыз жадырап, ортамызда қамқор әрі жанашыр болып жүре беріңіз.

Асқаралы 60 жасың құтты болсын, Қуаныш, қызық-тойға үйін толсын. Арманың ойда жүрген орындалып, Құдайым бере берсін бар тілекті.

Ізгі тілекпен: қайынапаң – Төлеу, балдыздарың – Қуандық-Гульрайруз, Сүйіндік-Ләззат.

Құттықтаймыз!

Шаңырағымыздың ұйытқысы, ардақты әке

Құрметті Күржібаев Нүргелді Аманкелдіұлы!

Қамал алар 40 жасыңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Саған деніңнің саулығын, шаңырағыңның ырыс-байлығын, жүрегіңнің мәңгі жастық жалынын, көңіліңе сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңнан танбай, табыстан табысқа жете бер.

Отбасыңда ынтымақ, басыңнан бақ таймасын! Көңілің ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе бер. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройың әрдайым артып, аңсаған арман асуларына жете бер!

Бірінші – ұзақ жасты өмірлі бол,
Екінші – тіл мен көзден аман бол.
Үшінші – берекелі, беделді бол,
Төртінші – арыстандай айбатты бол,
Бесінші – ақылды, қайратты бол.

Ізгі тілекпен: анаң – Шәмшия, апа-жезделерің – Токтасын-Перизат, Алмаз-Шакизат, жолдасың – Индира, балаларың – Ибраһим, Исатай, Аяла, жиендерің – Илияс, Айсұлу, Ернұр, Ерсұлтан, Ермұхамед.

09 қыркүйек 2021 жылы Ақтабаева Рабига қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА
Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА
Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС
Тіркеу күші: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)
Газет аптасына 1 рет шығады

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі де сыйлас ағамыз Әуелбек Қапасов мерейлі 70 жасқа толып отыр. Бүгінде қызын қияға, ұлдарын ұяға қондырып, немерелерінің сүйікті атасы болып отырған асыл жанды мерейтой, туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Сізге ақ көңілімізден шыққан ізгі тілегімізді білдіре отырып, зор денсаулық, баянды ғұмыр, қажымас қайрат, жемісті де жеңісті күндер тілейміз. Алла берген ұрпақтарыңыздың қызығына кенеле беріңіз. Әрдайым шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаларыңыздан береке кетпесін. Жеңеміз Айтбала екеуіңіз ағайын-туыстың құрметіне, немере-шөберенің шу-күлкісіне бөленген әдемі де ұзақ ғұмыр кешіңіздер.

Мерейтой, кемел жасыңыз құтты болсын, Қуаныш пен шаттыққа орта толсын. Денсаулық мықты болып, ұзақ жасап, Шаңыраққа бақыттың құсы қонсын.

Тілек білдірушілер: Қазыбек, Сейіл, Сайлау, Қуаныштың отбасылары.

Құттықтаймыз!

Құрметті Рахымжанов Еркебұлан Рымтайұлы!

Ердің жасы – 50-ге толған мерейтойыңыз құтты болсын! Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз.

Құдай қосқан қосағыңыз Шынармен ағайын-туыстың құрметіне, немере-шөберенің шат күлкісіне бөленген әдемі ғұмыр кешіңіздер!

Құтты болсын мерейтой – 50 жасың, Әр уақытта домалап өрге тасың. Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй, Ешқашан да көңіліңді кір шалмасын.

Ізгі тілекпен: көршілеріңіз – Асан, Олжабай, Мнипа, Бикен, Райхан, Амантай, Қымбат, Кәкен, Өміртай, Болат, Маржан, Дәулет, Сүйіндік, Ерлік, Еркебұлан Б., Жанболат, Қуаныш, Бекайдар.

Құттықтаймыз!

Құрметті Спанбетов Өмірхан Өміртайұлы!

Қырықтың қырына шығып, қамал алатын 40 жасқа келген туған күніңіз құтты болсын! Бастаған істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз берекелі, күндеріңіз мерекелі болсын!

Қырық жасқа толғаның – Қырдан асып қалғаның. Арманыңды жалға мың, Бақ сыйласың алда күн.

Ізгі тілекпен: көршілеріңіз – Асан, Олжабай, Мнипа, Бикен, Райхан, Амантай, Қымбат, Кәкен, Болат, Маржан, Дәулет, Сүйіндік, Ерлік, Еркебұлан Б., Жанболат, Еркебұлан Р., Қуаныш, Бекайдар.

Құттықтаймыз!

Құрметті бауырымыз Күржібаев Нүргелді Аманкелдіұлы қамал бұзар 40 жасқа толып отыр.

Деніңе саулық, мол қажыр-қайрат пен сарқылмас қуат тілейміз. Жүрген ортаның бәрінде мерейің есіп, абырой-мәртебеге кенеліп жүре бергейсің! Өмірдің берер несібесі таусылмай, жүзіңнен шаттықтың шырайы кетпей, ортамызда күліп-ойнап жүре бер. Қуаныш иесіне әлемдегі бар жақсылықты тілейміз.

Алланың тарту еткен әр күні тек қуаныштардан тұрсын. Тәтті өмірдің бақытына бөленіп, Индира екеуің балаларыңның қызығын көруді нәсіп етсін.

Тілейміз бұл өмірде бақыт саған, Жете бер армандарға асқақтаған. Несібен сарқылмасын бұл өмірде, Көгер қызық таймасын отбасыңнан.

Тілек білдірушілер: әжесі – Қуаныш, ағасы – Жангелді, апа-жезdesі – Сүйіндік-Ләззат, бауырлары – Еркелді-Жансая, Доскелді-Ақмарал.

Құттықтаймыз!

Кішкентай ғана құлыншақ Балқашбек немересі Аяғоз Ұланқызын 1 жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз!

Кішкентай қызымызға өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Әрдайым ата-әжесінің, әке-шешесінің көз қуанышы болып, аман-есен орталарында жаздай жадырап, гүлдей құлпырып жүре берсін. Ең бастысы, қазақтың қызы деген атқа лайық болсын. Бақытты балалық шақ тілейміз!

Апыл-тапыл аяғыңды бастың ба, Жасқа толып, бір белестен астың ба? Ата-әженнің етегіне оралып, Дүниеге Аяғоз, көз аштың ба?

Тілек білдіруші: көршілерің – Мүсіркеп-Қарлығаш, Зауреш, Марлен-Бота.



Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті бауырымыз Амантай Орманұлы асқаралы 60 жасқа толып отыр. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас – 60-тың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шактың талтүс аталуы бекер емес-ау. Міне, сен де аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсың.

Шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, өткен өмір бедерлері көңіл орнықтырып, көз тойдырады.

Қуаныштысы, мерейтойыңды отбасыңның алтын қазығы болған Нұргүлмен бірге бала-шағаның шаттыққа толы ортасында қарсы алып отырсың. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, бауырларың, құда-құдағиларың мен дос-жарандарыңның ыстық ықыласына бөленген өзіңе тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан, Жалғанда тілек бар ма одан асқан. Аман боп жанұяң мен бауырларың, Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан!

Ақ тілекпен: Саят-Надежда, Жанат-Нәстай, Қанат-Ырысты, Құрмет-Алтынай, Марат-Есенгүл.

Құттықтаймыз!

Еңбек ауылының тумасы, Ақтоғай ауылының тұрғыны Нұржанова Аманкүл Жақсылыққызын 28 ақпан күні 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күнде сізге деніңіздің саулығын, шаңырақтың шаттығын тілейміз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз, Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз. Елудің де асқарына жеттіңіз, Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ақ тілекпен: бауырлары – Марал-Сәулебек, Қанат-Үміт, Тілек-Сайлауқұл, Бақытқұл, Айдос-Нәсіпқұл, Диас.

Құттықтаймыз!

Құрметті Күржібаев Нүргелді Аманкелдіұлы!

Қылшылдаған, ат жалын тартып, қамал бұзатын 40 жасқа келген туған күніңіз құтты болсын!

Бүгінгідей мерейлі сәтте сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібедәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыс-тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын! Ізгі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына тілектеспіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз берекелі, әр күніңіз мерекелі болсын!

40 деген – көнбейтін жас құрыққа, 40 деген – ұнайтын жас бар жұртқа. Қамал алған құтты болсын жасыңыз, Өрлей берсін өрге қарай тасыңыз.

Ізгі тілекпен: Кентай, Зауреш, Нұрзия, Әлия, Гүлшат, Марлен, Марғұлан, Бекзат, Ғайнолла, Жанболаттың отбасылары.

Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады.

Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абау көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 бетмен асқан материалдар қабылданбайды.

